

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 тамыз N 1065

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне

апатты жағдайдағы және жоғары сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан, республикадағы жалғыз бірегей спорт құрылысы ретіндегі Алматы велотрегінің төсенішін қалпына келтіру үшін 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 14 (он төрт) миллион теңге бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.